




ЭКОНОМИКС

Экономикске кіріспе





Сіздердің назарларыңызға атақты американ экономистері Грегори Мэнкью мен Марк Тейлордың жаңадан 4-ші халықаралық басылыммен жарияланған «Экономикс» оқулығының материалдарынегізінде құрастырылған дәрістер курсы ұсынылып отыр. Бүгінгі күні, авторлардың бұл туындысы американдық университеттердің бакалавриат деңгейінде экономика бағыты бойынша оқытылатын, әлемдік нарықта сұранысы жоғары, ең атақты оқулықтардың бірі. Мұндағы оқулық авторларының мақсаты – оқырман қауымды экономист тұрғысынан ойлай білуге үйрету. Экономикалық субъектілердің іс-әрекеттерін мысалға ала отырып, жазылған оқулық студенттерге білім беру мен оқытуға қажетті әртүрлі тапсырмаларды орындау, сызба, сурет, кесте, кейстерді орындауды қамтиды. «Экономикс» оқулығының мазмұны 38 тарауды құрайтын 15 бөлімнен тұрады.

Алдымен біз, «Экономикс» оқулығының авторлары жөнінде міндетті түрде айтып өтуіміз қажет.

1. Грегори Мэнкью – Гарвард университетінің экономика саласы бойынша профессоры. Принстон университеті мен Массачусетс технологиялық институтын экономика мамандығы бойынша бітірген. Макроэкономика, микроэкономика, статистика және экономика принциптері пәндерінен дәріс оқыған. Профессор Мэнкью – жазушы, академиялық және саяси пікірталастардың тұрақты қатысушысы, сонымен қатар, экономикалық зерттеулер ұлттық бюросының ғылыми қызметкері, Бостон және Нью-Йорк Федералдық резерв банктерінің кеңесшісі, Конгресстегі бюджетті басқару кеңесшісі қызметтерін атқарды. 2003–2005 жылдар аралығында АҚШ Президентінің Экономика жөніндегі кеңесшілер кеңесінің төрағасы және 2012 жылғы АҚШ президент сайлауында президенттікке үміткер Митт Ромнидің кеңесшісі болған.

2. Марк Тейлор – Уорик университеті (Ұлыбритания) Уорик бизнес мектебінің және Вашингтон университеті (АҚШ) Джон М. Олин бизнес мектебінің деканы. Лондон университетінің экономика және халықаралық қаржы саласындағы докторы. Профессор Тейлор түрлі университеттерде (соның ішінде, Оксфорд, Уорик және Нью-Йорк) экономика, қаржы пәндерінен, оның ішінде бакалавриат және ізденушілер үшін ілгерілемелі принциптер курсынан дәріс берген. Сондай-ақ Халықаралық валюта қорында және Англия Банкінде аға экономист болып жұмыс істеді және Уорик Бизнес мектебінің деканы болғанға дейін әлемдегі ең ірі қаржы активтерін басқаратын BlackRock компаниясының директоры ретінде макроэкономикалық талдау негізінде халықаралық активтерді орналастырумен айналысты. Ол – зерттеулері ғылыми журналдарда кеңінен жарияланған және бүгінде әлемдегі ең жоғары бағаланатын экономистердің бірі. Сондай-ақ, Англия Банкінің академиялық кеңес беру тобының тиімді нарықтарға шолу жасау жөніндегі мүшесі.

Дәрістің жоспары:

1. Экономика және экономикалық жүйелер.
2. Адамдар қалай шешім қабылдайды және қалай қарым-қатынас жасайды?
3. Жалпы экономика қалай құрылған?

1. Экономика және экономикалық жүйелер

Бұл сұрақта жалпы экономика жайлы айтамыз және экономикалық жүйелер ұғымына тоқталамыз. Өйткені, дәріс кіріспесінде экономиканың жалпы сипаттамасын және оның айналасындағы негізгі базалық терминдерді білуіміз қажет.

Адамзат баласының даму тарихында терең қозғаушы күш ретінде материалдық игіліктерді өндіру үдерісі табылған. Қоғам тек осы өндірістік үдерістерді жүзеге асыру және үнемі үздіксіз жаңартып отыру арқылы ғана тіршілік етеді және дами алады. Сондықтан да қазіргі «экономика» (экономикс) кез келген қоғамның іргетасы болады. Адамзат әрқашанда экономикамен және экономикалық таңдау жағдайында өмір сүреді.

Ең алдымен, біз экономика немесе экономикалық теория ұғымына анықтама беруіміз қажет. Біздің ойымызша, экономикалық теория (экономикс) – бұл адамдардың шексіз қажет-



тіліктерін қоғамның шектеулі ресурстары арқылы қанағаттандыру үшін материалдық және материалдық емес игіліктерді өндіру, бөлу, айырбастау және тұтыну бойынша ғылым саласы. Осы анықтамадан көріп отырғанымыздай, экономика ғылымы екі негізгі мәселеге қатысты зерттеледі: шектеулі ресурстар және шексіз қажеттіліктер. Бұл экономиканың негізгі екі аксиомасы. Кез келген экономикалық жүйе (дәстүрлі, әміршіл-әкімшіл, нарықтық және аралас) жағдайында қоғам шектеулі ресурстар төңірегінде экономикалық таңдау жасайды. Ол үшін қоғам экономиканың негізгі үш сұрағына жауап беру керек:

1. Не өндіру керек? – қандай тауар мен қызметтер өндірілуі тиіс.
2. Қалай өндіру керек? – қандай ресурстар мен технологияны пайдалану арқылы өндірілуі тиіс?
3. Кім үшін өндіру керек? – шығарылған тауар немесе қызмет кімге арналады, олар қалай бөлінеді, оларды кім сатып алады.

Экономикалық ғылымның жоғарыда аталған негізгі үш мәселесіне жауап бере алатын басты ұғымдар орын алады. Бұл ұғымдар экономикалық теорияның базалық түсініктері болады, яғни олар:

1. Қажеттіліктер – бұл экономиканың субъектілеріне белгілі бір экономикалық қызметті атқаруға итермелейтін ішкі ниеттер мен ынта-жігерлер немесе басқаша сөзбен айтқанда, адамның өмір сүруін қамтамасыз етуге және де жеке бір индивидтің, фирманың және тұтастай қоғамның дамуына қажетті заттар мен нәрселерге деген жетіспеушіліктен туындайтын мұқтаждықтар.

2. Ресурстар – бұл қандай да бір экономикалық қажеттілікті қанағаттандыруы тиіс экономикалық игіліктерді (тауар мен қызмет) өндіруде қолданылатын ресурстардың барлық түрлері немесе басқа игіліктерді өндіруде қолданылатын игіліктер. Сондықтан да оларды өндіріс факторлары деп атайды. Қазіргі уақытта, олардың негізгі түрлеріне еңбек, капитал, жер, кәсіпкерлік қабілет және ақпарат жатады.

3. Игіліктер – бұл қажеттіліктерді қанағаттандыратын құралдар; өндірушілер мен тұтынушылардың экономикалық қызметінің объектісі. Олар шексіз (мысалы, ауа, күннің нұры, жел энергиясы) және шектеулі көлемде болып келеді. Шектеулі көлемдегі игіліктерді экономикалық игіліктер деп атайды.

Кез келген қоғам экономиканы ұйымдастыру және оның мәселелерін шешу үшін өз қарамағында әртүрлі құрылымдарды, тетіктерді және институттарды қолданаалады. Осындай механизмдердің бірсыпыра жиынтықтарын экономикалық жүйелер арқылы қарастыруға болады. Экономикалық жүйелер – экономиканың өзара байланысқан элементтерінің жиынтығы.

Сонымен, қазіргі уақытта кез келген экономикалық жүйе жағдайында дамитын қоғам ресурстардың шектеулілігі мәселесін шешуі, яғни, ресурстарды барынша тиімді пайдалану керек.

Бұл сұрақта қарастырылған дәрістің негізгі ұғымдарына көңіл бөлу қажет. Дәрістің 1-ші сұрағы туралы осылайша ой түйіндей келе, біз енді екінші сұрақты талқылауға көшеміз.

2. Адамдар қалай шешім қабылдайды және қалай қарым-қатынас жасайды?

Бұл сұрақты қарастырғанда, алдымен адамдардың күнделікті өмір-тіршілігін қамтамасыз ету үшін тиімді шешімдерді қалай қабылдайтындығын және олардың бір-бірімен не үшін қарым-қатынас жасайтындығын түсінуіміз қажет.

Адамдар экономикалық субъектілер ретінде тұтынушылар және өндірушілер рөлдерін атқарады. Тұтынушылардың әрекеттері өз қажеттіліктерін барынша қанағаттандыруға және өндірушілердің іс-қимылдары ең аз шығындармен пайданы максималдауға бағытталады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, уақыттың әрбір нақты кезеңінде экономикалық ресурстардың шектеулілігі мәселесі орын алады. Ресурстардың шектеулілігі – барлық экономикалық



қажеттіліктерді бір мезетте қанағаттандыру мүмкін еместігінің көрсеткіші. Ресурстардың шектеулілігі қоғам алдында экономикалық таңдау мәселесін туындатады. Ол әр өндірістің ресурстың шегінің болуымен және экономикалық мақсаттардың көп болуымен түсіндіріледі. Сондықтан, ресурстар шектеулі болғандықтан, оларды тиімді пайдалану қажет.

Экономикалық таңдау – берілген шығындар деңгейінде қоғамның қажеттіліктерін максималды түрде қанағаттандыру мақсатының орындалуы кезінде бірдей балама нұсқалардың ішінен ең жақсысын таңдап алу. Кез келген қоғамның алдында әрдайым шектеулі ресурстардың алуалы мен бағытын анықтау мәселесі тұрады. Пайда болған мәселелерді шешудің ең жақсы нұсқаларын таңдап, соны жүзеге асыру барысында экономикалық субъект экономикалық рационалдылыққа және ұтымды шешім қабылдауға жүгінеді.

Экономикалық рационалдылық немесе ұтымды шешім қабылдау – бұл ұтымды субъектінің өз алдына қойған мақсаттарын жүзеге асыру барысында берілген шығындар деңгейінде немесе ең аз шығынмен максималды нәтижелілікке жетуіндегі ұтымды шешім қабылдау әрекеті мен мінез-құлқы. Сондықтан да экономикалық теорияда әрбір шаруашылық жүргізуші субъект аса жоғары нәтижеге жетуіне тырысады: тұтынушы өз қажеттіліктерін максималдауды, фирма өз пайдасын арттыруды, мемлекет халықтың әл-аухатын көтеруді мақсат етеді. Алайда нақты өмірде адамдар үнемі балама (альтернативті) шығындармен кезігіп отырады. Бір өнімді өндіре отырып, біз екінші бір өнімді өндіруден бас тартуымыз қажет. Ұтымды субъект болашақ шығындарын есепке алып қоймай, сонымен қатар, ол оңтайлы экономикалық таңдау жасау үшін қолданыла алмаған және жіберіп алған өндірістік мүмкіндіктер шығындарын да есепке алуы қажет. Яғни балама шығындар – бұл жіберіп алған немесе қолданыла алмаған мүмкіндіктер шығындары, бір өнімді өндіру барысында айырылып қалатын және таңдауға ие болмаған балама нұсқалардың, сол өнімді өндірудің құнымен өлшенген шығындары.

Осы аталған мәселелер тұрғысынан, адамдардың қабылдайтын шешімдері әртүрлі нарық қатынастары арқылы (сонымен қатар, экономикалық жүйенің басқа да типтерін қарастыру арқылы) үнемі бір-біріне әсер етіп отырады. Нарықтық экономикалық жүйе – жеке меншікке, жеке мүддеге, еркін бәсекелестікке негізделген қатынастар. Сипатты белгілері: өндіріс факторларына деген жеке меншіктің орын алуы; кәсіпкерліктің еркіндігі және таңдау мүмкіндігінің болуы; шаруашылық субъектілерінің дербестілігі; шаруашылық субъектілерді жеке мүдделеріне сай ынталандыру; өндірушілер, тұтынушылар арасындағы бәсекелестік, бұл ешкім нақты экономикалық билікке ие болмауы тиіс.

Бұл сұрақта қосымша ескеретін ұғым: Адам Смиттің көрінбейтін қол қағидасы.

Дәрістің 2-ші сұрағында қарастырылған негізгі мәселелерге осылай талдау жасай отырып, әсіресе мұнда келтірілген негізгі ұғымдарға көңіл бөлу арқылы біз үшінші сұрақты талқылаймыз.

3. Жалпы экономика қалай құрылған?

Дәрістің соңғы сұрағын талқылаған кезде экономикалық теория ғылымының құрылымына, талдау шеңберіне, соның микро және макро деп бөлінетін талдау жүйесіне назар аудару қажет. Негізінен, экономикалық талдау микро және макро талдау деп бөлінгендіктен, жоғары оқу орындарында микроэкономика және макроэкономика курстары жеке-жеке курс ретінде оқытылады.

Экономикалық теория шеңберінде экономикалық талдаудың негізгі екі деңгейі ажыратылады және осы арқылы экономикалық теория ғылымы екі бөлімге бөлінеді:

1. Микроэкономика – бұл шектеулі ресурстар мәселесін жекелеген экономикалық агенттердің (үй шаруашылығы, фирмалар, т.б.) нарықтағы тәртіптері мен мінез-құлқытары тұрғысынан зерттейтін экономикалық теорияның бір саласы. Микроэкономикада қолданылатын негізгі ұғымдар: сұраныс, ұсыныс, баға, бәсеке, өндіріс факторлары, т.б.

2. Макроэкономика – бұл экономикалық мәселелерді біртұтас жүйе ретінде зерттейтін және агрегатталған өлшемдерді қолданатын экономикалық теорияның бір саласы. Макроэкономикада қолданылатын негізгі ұғымдар: жалпы ішкі өнім, ұлттық табыс, жиынтық сұраныс, жиынтық ұсыныс, инфляция, жұмыссыздық, т.б.



Бұдан басқа, экономикалық талдаудың позитивті (оң) және нормативті (реттеушілік) талдау деген түрлері де бар:

1. Позитивті экономикалық талдау – бұл қазіргі экономиканың дәл өзін сипаттайтын нақты қалыптасып отырған құбылыстар мен деректер негізінде алынған шындық жайттар. Талдаудың бұл түрі субъективтік бағалауға ие болмайды.

2. Нормативті экономикалық талдау – бұл қандай да бір елдің экономикасы туралы субъективтік бағалауларды қарастыру негізінде экономикалық саясатты іске асырудың кепілдемелері. Талдаудың бұл түрі кезінде орын алатын субъективтік бағалаулар экономика үшін қолайлы немесе қолайсыз болуы мүмкін.

Позитивті және нормативті талдаудың арасындағы айырмашылық оларда субъективтік бағалаулардың орын алуынан көрінеді. Бұл айырмашылықты дәлме-дәл көрсете білген ағылшын экономисі Джон Невилл Кейнс (Джон Мейнард Кейнстің әкесі) болды. Оның ойынша, позитивті экономикалық ғылым не бар деген сұраққа жауап береді. Ал нормативті экономикалық ғылым экономика қандай болуы керек және мақсаттарға жету үшін не істеу керек деген сұрақтарға жауап іздейді.

Қорытынды

Экономикалық теория ғылымының адамға, оның қажеттілігі мен мүддесіне, олардың шектеулі ресурстар жағдайында тиімді шешім қабылдау мәселелеріне ерекше көңіл бөлетіндігіне көз жеткіздік. Экономикалық теория ғылымы адамдарды ең жақсы жағынан өмір сүруге ынталандырады және осы үшін тиімді экономикалық саясатты жүргізуді қарастырады. Жалпы экономикалық теория шаруашылық жүргізудің барлық түрлерін, қағидаларын, ережелерін, заңдылықтарын, және де, ресурстарды тиімді пайдаланудың негізгі бағыттарын қалыптастырады.

Шолу сұрақтары:

1. «Экономия», «саяси экономия», «экономикс», «экономикалық теория» ұғымдарының айырмашылықтарын көрсетіңіз?
2. Экономикалық теорияның зерттеу пәнін атаңыз?
3. Экономикалық теорияның зерттеу объектісі мен субъектісін анықтаңыз?
4. Экономикалық теорияның зерттеу әдістеріне не жатады?
5. Позитивті және нормативті экономикалық талдауға анықтама беріңіз?
6. Экономикалық теорияның ғылым болып қалыптасуындағы экономикалық мектептердің рөлі қандай?
7. Экономиканың негізгі үш мәселесі қалай шешіледі?
8. Қоғамдық өндірістің мәні неде?
9. Қоғамдық өндірістің түрлері мен тұрпаттары қандай?
10. Қоғамның өндіргіш күштері мен өндіріс қатынастары қандай?
11. Ресурстар мен өндіріс факторларының түрлері қандай?
12. Ресурстардың шектеулілігі мәселесі дегеніміз не?
13. Экономикалық таңдау мәселесі қалай туындайды?
14. Экономикалық субъектілер экономикалық ұтымдылыққа қалай ұмтылады?
15. Экономикалық тиімділік дегеніміз не?
16. Экономикалық жүйелер дегеніміз не және олардың типтері қандай?



Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Доғалов А.Н., Досмағанбетов Н.С. Экономикалық теория: Оқулық / А.Н. Доғалов, Н.С. Досмағанбетов. – 2-басылым, өңделген және толықтырылған. – Астана, Print-S, 2014. – 360 б.
2. С. Әкімбеков, А.С. Баймұхаметова, У.А. Жанайдаров. Экономикалық теория. Оқу құралы. Жалпы редакция С. Әкімбековтікі. – Астана: 2002. – 464 б.
3. Жалпы экономикалық теория. Оқулық. Ө.Қ. Шеденов, Е.Н. Сағындықов, Б.А. Жүнісов, Ү.С. Байжомартов, Б.И. Комягин. / Жалпы редакциясын басқарған Ө.Қ. Шеденов – Ақтөбе, «А-Полиграфия», 2004 – 455 бет.
4. Я. Әубәкіров, К. Нәрібаев, М. Есқалиев, Е. Жатқанбаев, т.б. Экономикалық теория негіздері. Оқулық. – Алматы, «Санат», 1998. – 479 бет.
5. Нарматов С.Р., Нарматова А.С. Экономикалық теория. Лекциялар курсы. (Оқу құралы). – Алматы: «Эверо», 2009. – 516 бет.
6. Курс экономической теории: Учебник – 6-е исправленное, дополненное и переработанное издание / Под общ. ред. Чепурина М.Н. и Киселевой Е.А. – Киров: «АСА», 2010 – 888 с.
7. Сажина М. А., Чибриков Г. Г. Экономическая теория. Классический университетский учебник для ВУЗов. 3-е издание переработанное и дополненное. – ИД «Форум», ИНФРА-М Москва, 2012. – 672 с.